ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ОН БІРІНШІ ОТЫРЫС

Бішкек, 2024 жылғы 19 сәуір

ҰСЫНЫМ

ТҮРКПА-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ САУДА ӨКІЛДІКТЕРІ: ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ҮЛЕС ҚОСУ

Парламенттік Ассамблея:

ТҮРКПА мүше елдеріндегі сауда-экономикалық әлеуетті іске асыру үшін қолдағы бар мүмкіндіктерді қолдану қажеттілігін ***түсіне отырып***;

ТҮРКПА өңірінде халықаралық сауданың дамуына жағдай жасаудың маңыздылығына ***баса назар аудара отырып***;

ТҮРКПА мүше мемлекеттер арасында сауда айналымын жеңілдетуге және жылдамдатуға қатысты сауда өкілдіктерінің бірегей рөлін ***растай отырып***;

ТҮРКПА мүше мемлекеттердің ұлттық экономикаларын нығайтуға бағытталған өзара ынтымақтастық іс-әрекеттердің барлығын ***құптай отырып***;

ТҮРКПА өңіріндегі бірлескен экономикалық ынтымақтастыққа үлес қосу үшін кез келген тараптың бастамасын қолдаудың маңыздылығын ***түсіне отырып***;

сауда-экономикалық дамуды ынталандыру мақсатында ТҮРКПА мүше елдері мақұлдаған халықаралық келісімшарттарда белгіленген ТҮРКПА

аумағынан өтетін транзиттік бағыттардың қолайлы болуы үшін жағымды шарттар жасаудың қажеттілігін ***мойындай отырып***;

күрделеніп келе жатқан геосаяси және халықаралық әлеуметтік-экономикалық жағдайда ТҮРКПА ынтымақтастығын өзара ұтымды сауда тетіктерін жетілдіруге бағыттау керек екенін ***сезіне отырып***;

ТҮРКПА мүше елдерінде өндірілетін тауарлар мен қызметтерді өзара тұтынуды ынталандыру мақсатында тауарлардың қозғалысы мен адамдардың тасымалын жеңілдетуге және жеделдетуге бағытталған барлық бастамаларды орындауға өз ниетін ***білдіре отырып***;

тұрақты өсу мен экономикалық дамудың маңызды элементі ретінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты ынталандыру мақсатында транзиттік әлеуетті өсіру қажеттілігін ***түсіне отырып***;

Парламенттер мен депутаттардың заңнаманы қабылдау, бюджеттерді бекіту, ресурстарды жұмылдыру арқылы ұлттық экономиканың сауда, өнеркәсіп, өндіріс және көлік секторларында ерекше рөлін ***ескере отырып***;

Парламенттердің ұлттық заңнаманы реттеу тұрғысынан экономиканың базасын дамыту үшін институционалдық, инфрақұрылымдық және қаржылық қолдауды қамтамасыз етудегі негізгі рөлін ***назарға ала отырып***,

ТҮРКПА мүше елдердің парламенттеріне келесіні **ұсынады**:

a) кейіннен ТҮРКПА мүше елдердің заңнамасын үйлестіруге және жақындастыруға бағыттайтын сауда өкілдіктеріне қатысты құқықтық базаны *жетілдіру;*

b) ТҮРКПА өңіріндегі теңіз және «құрғақ» порттар тораптарының қызметін өзара синхрондауға кедергі келтіретін мәселелерді *талдап*, жүйеге келтіру үшін құзыретті органдармен қажетті іс-шараларды *жүргізу;*

c) ТҮРКПА мүше елдері арасындағы тауар ағынын ұлғайту мақсатында астаналары мен үлкен қалаларында сауда үйлердің тұрақты қызметін қолдау мүмкіндіктерін *қарастырып, іске асыру;*

d) транзиттік тауарлардың және ТҮРКПА мүше елдерінің өзара тұтынатын тауарларының қозғалысын қамтамасыз ететін

ТҮРКПА мүше елдердің тасымалдаушылары үшін қолайлы жағдайлар *жасау;*

e) ТҮРКПА өңірінде көлік-транзиттік әлеуетті барынша қолдану үшін ТҮРКПА мүше елдеріндегі вагон паркі мен локомотивтік тарту паркінің, теңіз паромының тапшылығын еңсеру бойынша бірлескен іс-шаралар *өткізу;*

f) Каспий теңізінің түбімен талшықты-оптикалық байланыс желісін салумен байланысты ТҮРКПА аймағында цифрлық бизнесті дамыту үшін деректерді берудің жоғары жылдамдықты және қауіпсіз инфрақұрылымын құруға ниетті ірі халықаралық инвесторларды тарту мүмкіндіктерін *іздестіру*;

g) ортақ платформалар негізінде өзара озық жетістіктермен бөлісетіндей сауда, көлік, тасымал, өндіріс, IT және тағы басқа салаларында жоғары технологияларды енгізу үшін ТҮРКПА мүше елдерінде белсенді бизнес өкілдерінен тұратын қауымдастықтар *құру*;

h) сауда-экономикалық саясатты әзірлеуде кешенді және икемді тәсілді қолдану және осы саладағы бюрократиялық кедергілерді немесе іске асыру қателерін жою үшін сарапшылар арасында тұрақты негізде консультациялар *өткізу;*

i) ТҮРКПА мүше елдердің тиісті саладағы заңнамасын жақындастыру мақсатында мүдделі тараптарға арналған сауда-экономикалық әлеуетті іске асыруға бағытталған инвестициялық бағдарламаларды тиімді пайдалануға байланысты ұлттық және халықаралық озық тәжірибені *зерделеу.*